



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

ҚР Ұлттық Банкі мен «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың бірлескен мәлімдемесі

2020 жылғы 19 наурыз

Өткен тәулікте жаһандық қаржы нарықтарындағы құбылмалылық айтарлықтай өсті. Brent сұрыпты мұнай бағасы бір күнде 14%-ға және жыл басынан бастап 60%-дан астам төмендеп, бір баррель үшін 25 долларға жетті. Әлемдік қор және валюта нарықтарында құлдырау жалғасуда. Ресей рублі бір күнде 7.3%-ға, ал жыл басынан бері 30%-дан астам әлсіреді.

Осы жағдайларда ішкі валюта нарығына сыртқы факторлардың тұрақсыздандыратын ықпалын шектеу үшін және Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдем көрсету мақсатында Ұлттық Банк «Қазақстан қор биржасы» АҚ-пен бірлесіп 2020 жылғы 19 және 20 наурызда теңге-доллар валюта жұбы бойынша **Франкфурттық аукцион нысанында сауда-саттық өткізу туралы** шешім қабылдады.

Франкфурттық аукцион түрінде сауда-саттық өткізу туралы шешім клиенттердің қолда бар өтінімдерін қанағаттандыруға және валюта нарығындағы тұрақсыз жағдайды болдырмауға мүмкіндік береді.

Сауда-саттықтың бұдан кейінгі режимі туралы ақпарат жария мәлімдемелер арқылы жеткізілетін болады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мынадай телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 2704 591 (3930)

+7 (727) 330 24 52 (1452)

+ 7 (727) 2704 596 (1596)

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)